

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында 1982-1991 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы N 352 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 9 маусымда N 2-8-112 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі N 315 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010.04.20 N 315 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңының 31-бабының 8 тармағын, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының 5-тармағына, 18-бабының 3, 4, 5, 6, 7, 8 тармақтарына, 19-бабының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін .

2. 2009 жылғы аудандық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін .

3. Аудандық шақыру комиссиясының жұмысы Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс Істері жөніндегі бөлім жанындағы шақыру пунктінде (Есік қаласы Абай көшесі 322, Шелек селосы Қадыров көшесі 2) ұйымдастырылсын.

5. "Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері (Болат Рысбайұлы Балақойшиев, келісім бойынша)

шақыру өткізуді бастар алдында жергілікті әскери басқару органдарының сұрау салуы бойынша стационарлық емдеудегі және диспансерлік есепте тұрған әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы мәліметтерді хабарласын.

7. "Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Қуандық Омарұлы Бахтамбаев, келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді, ұстауды және анықтау және алдын алу тергеу органдары жеті күн мерзім ішінде жергілікті әскери басқару органдарына оларға қатысты анықтау немесе алдын алу тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырушылар мен әскери міндеттілер туралы ақпарат б е р с і н .

8. "Еңбекшіқазақ аудандық әділет басқармасының" бастығы (Байғазы Сананұлы Жайлаубаев, келісім бойынша) әскери есепке қою немесе әскери есептен шығару туралы мәліметтер берген жағдайда, олардың тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруды және азаматтық хал актілерін жазу органдары жергілікті әскери басқару органдарына әскери міндеттілер мен әскерге шақырушылардың тегін, атын және әкесінің атын, туған күні мен туған жерін өзгерткені туралы, сондай-ақ әскери міндеттінің немесе әскерге шақырылушының қайтыс болғаны тіркелген жағдайлар туралы жеті күн мерзім ішінде хабарлама беріп отырсын.

9. Қала, селолық округ әкімдері өз құзіреті шегінде:

1) әскери-есептік құжаттарында жергілікті әскери басқару органдарының әскери есепке алғаны (әскери есептен шығарғаны) туралы белгілері болған кезде әскери қызметшілерді, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруға;

2) жергілікті әскери басқару органдарына әскерге шақырылушылар мен әскер жасына дейінгілердің сандық құрамын растайтын құжаттар беруге;

3) жергілікті әскери басқару органдарына әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуда, азаматтарды әскери қызметке (әскери жиындарға) шақыруды жү р г і з у д е к ө м е к к ө р с е т у г е ;

4) әскери қызметшілердің, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың Әскери есеп ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ж ұ м ы с т а р ы н жү р г і з с і н .

Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 30 мамырдағы N 2044 " Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2008 жылғы сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында 1981-1990 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы" қаулысының күші ж о й ы л с ы н .

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Ташполат Жамалұлы Жамаловқа жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>		<i>Ә. Тойбаев</i>			
2009	жылғы	4	мамырдағы	N	352
"Қазақстан		Республикасының		Қарулы	
Күштері		Қатарына	мерзімді	әскери	
қызметке	2009	жылғы	сәуір -	маусымында	
және	қазан	-	желтоқсанында	1982-1991	
жылдары		туылған		азаматтарды	
кезекті		шақыру		туралы "	
қаулысымен				бекітілген	
қосымша					

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке 2009 жылғы сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында 1982-1991 жылдары туылған азаматтарды кезекті шақыру туралы қаулысына байланысты бекітілген комиссия құрамы

Талғат Даулетов Көпжасарұлы - Еңбекшіқазақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы;

Жұмалиев Сейдахмет Сәрсенбекұлы - аудандық білім және спорт бөлімнің бастығы комиссия төрағасының орынбасары;

Каскаров Бахытжан Айдарбекұлы - аудандық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары;

Гүлнәр Съездбекқызы Кураметова - медициналық комиссия төрағасы;

Гулнара Ильясова Шарапатқызы - комиссия хатшысы.